

06, 2016



ОСЫ БАСЫЛЫМДА

- KAZENERGY-SPE: меморандум
- Жергілікті үлесті дамыту және интеграциялық процестер
- БҰҰ ЕЭК 7-ші тұрақты энергетика жөніндегі форумы
- Қазақстан-Венгрия бизнес-форумы
- ӨСАБ бойынша Астанадағы кездесулер
- Мэри Уорлик Қазақстанның мұнай-газ салысы және ӨСАБ туралы

ЖЕРГІЛІКТІ ҮЛЕСТІ ДАМУТУ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР

2016 жылы 31- қазанда Астанада KAZENERGY қауымдастығы Дүниежүзілік мұнай кеңесімен (ДМК) бірлесіп ұйымдастырған «Жергілікті үлесті дамыту және интеграциялық процестер» сарапшылық семинары өтті

Мәжіліске министрліктер, агенттіктер, ұлттық және халықаралық компаниялар, салалық қауымдастықтардың және т.б. өкілдері қатысты. Іс-шараның ашылуында Дүниежүзілік мұнай кеңесінің Президенті Йозеф Тот, KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының Орынбасары, ДМК Президентінің арнайы кеңесшісі Жамболат Сәрсенов сөз сөйледі.

Күн тәртібі Қазақстан мен шет мемлекеттердің тәжірибесін талдауға және жергілікті үлесті дамыту мәселелеріне шолу жасауға арналды. Осы саладағы дамудың және отандық өндірушілердің көзқарасымен бәсекелес нарықты қалыптастырудың күрделі мәселелеріне баса

назар аударылды. Біздің елімізде жергілікті өндірушілерді қорғау шаралары қандай және ДСҰ және ЕЭК кіруін ескере отырып, қазіргі жағдайы қандай? Заңнамалық база бөлігінде сарапшылар Жер қойнауы туралы кодексті, сатып алуларды мемреттеу, техникалық реттеу, стандарттар мен сертификаттарды әзірлеу, сонымен қатар жұмыспен қамту тақырыбы, кәсіби дағдыларды дамыту, деректер базасын пайдалануды талқылады, жергілікті үлесті дамыту құралдарын қарады. ҚР Энергетика министрлігі жер қойнауын пайдалану департаменті директорының орынбасары Сәкен Шәкіров өзінің баяндамасында былай деп атап көрсетті: «2015 жылы Қазақстан ДСҰ және ЕЭК 162-ші толық құқықты мүшесі болып, өзінің әлемдік аренадағы позициясын нығайтты. Интеграциялық процестер жағдайында отандық өндірушілер мен жеткізушілерге олардың тауарлары мен қызметтерін жер қойнауын пайдала-

нушылардың мәжбүрлі сатып алуы арқылы ғана ынталандыру шараларын қолданып қоя салу мүмкін емес екені анық. Сәйкесінше отандық өндірушілерді баламалы қолдау шараларын енгізу қажет, осы шаралар, біздің ойымызша, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексте бейнеленуі тиіс. Атап айтқанда, қазақстандық үлесті дамытудың ажырамас бөлігі болып табылатын және ДСҰ талаптарына қайшы келмейтін жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларын мемлекеттік реттеуді қазіргі өмір шындығына сәйкестендіріп, сақтап қалу керек». Интерактивті панельде жер қойнауын пайдаланушылар, оның ішінде Теңіз кен орнының операторы – жетекші компаниялардың бірі Теңізшевройл өз пікірлері мен тәжірибелерін ортаға салды. ТШО деректеріне сай, қазіргі уақытта, болашақ ұлғайту жобасы (БҰЖ) және сағалық қысымды басқару (СҚБ) жобаларындағы қазақстандық үлес бойынша шығындар 1,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Қазақстандағы Shell және MOL Group сияқты концерндерге де біршама міндетте-

өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы

меморандум

мелер жүктелген. Олар үкімет, мұнай-газ операторлары және тауарлар мен қызметтердің жеткізушілері арасындағы өзара әрекеттестікті құру арқылы дүниежүзі бойынша жергілікті үлесті дамытуға бағытталған қызметтерге баса көңіл аударып отыр. Бұл жағдайда Shell «Жеңімпаз-жеңімпаз» стратегиясын басшылыққа алады. Осы орайда жергілікті мамандарды оқыту, біліктілікті арттыру тренингтері, курстарын жүргізу және т.б. инвесторлар үшін басты рөл атқарады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасында жергілікті үлесті дамыту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді, алайда, бүгінгі күні отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің өндірісі мен сатып алу ауқымы импортталатын ауқыммен салыстырғанда анағұрлым төмен. 2010 жылдан бастап 2015 жылға дейін жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларындағы жергілікті үлес 2,5 есеге өскен - 680 миллиард теңгеден 1,8 триллион теңгеге дейін.

Қазақстандық кәсіпорындарды тұрақты дамыту үшін мұнай-газ саласына қатысты, қолданыстағы өндірістерді қазірдің өзінде жаңарту және тиімділігін арттыру, технологиялар трансферті жүзеге асыру, құзыретті кадр әлеуетін қалыптастыру қажет.

Осылайша, сарапшылық семинардың мақсаты негізгі кедергілерді талдауға және отандық үлесті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша бірлескен ұсыныстар жасауға бағытталды.

Осыған байланысты, алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені зерттеу және осы бағыт бойынша Дүниежүзілік мұнай кеңесіне мүше елдермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту ерекше қызығушылық туғызып отыр.

KAZENERGY қауымдастығы қазақстандық және халықаралық сарапшылар әзірлеген ұсыныстарды зерттейді. Жергілікті үлесті жетілдіру бойынша алынған нәтижелер, тұжырымдар мен ұсыныстар жинақталып, 2017 жылы Стамбул қ. (Түркия) өтетін XXII Дүниежүзілік мұнай конгресінің арнайы сессиясы шеңберінде таныстырылады.



KAZENERGY қауымдастығы және Мұнай-газ өндірісінің инженерлер қоғамы (SPE) өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум жасасты. Қол қою салтанаты Астанада 2016 ж. 1-қарашада өткен Жыл сайынғы Каспий техникалық конференциясы және Астанадағы SPE көрмесі барысында өтті

Бұл құжатта «мұнай және газ кен орындарын барлау, игеру және пайдалану саласындағы техникалық ақпаратпен алмасу, мамандарды кәсіби шеберлігін арттыру және білімдерін жетілдіру мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету», сонымен қатар салалық компания-операторлармен стратегиялық серіктестікті нығайтуды көздейтін екіжақты ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары мен міндеттері белгіленген.

KAZENERGY- Тәуелсіздік сарайында 3-қарашаға дейін созылатын және меморандар, ұлттық және халықаралық компаниялар, сервистік және өндірістік кәсіпорындар, ҒЗИ, кәсіптік ұйымдардың өкілдері қатысатын іс-шараның ресми серіктесі. Атап айтқанда, KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының кеңесшісі Арман Сатимовтың модераторлығымен өткен «Мұнай қорларын растау» панельдік сессиясы аса терең барлау тақырыбына, мұнай өндіруді арттыру әдістеріне, жаңа бизнес-модельдерге арналды.

«Каспий техникалық конференциясына және SPE көрмесіне қатысу KAZENERGY қауымдастығына аймақтық деңгейде көмірсутегін барлау және өндіру саласындағы техникалық қиындықтардың шешімдерін іздеуде алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Оған қоса, SPE шарасын өткізу Каспий өңіріндегі мұнай - газ

саласы мен экономикасын әрі қарай дамытуға мүмкіндік береді» дейді KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Болат Ақшолақов құттықтау сөзінде.



БҰҰ ЕЭК 7-ШІ ТҰРАҚТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӨНІНДЕГІ ФОРУМЫ



министрі Игорь Дыденко, Әзірбайжан Республикасының Энергетика министрі Натик Алиев және Пәкістан Су ресурстары және электр энергетикасы министрлігінің даму мәселелері жөніндегі хатшысы Махмуз Ахмед Бхатти да астана-лық шараларға қатысуға қызығушылық білдірді, ол тұлғалармен сол күні-ақ келіссөздер жүргізілді. Тараптар ынтымақтастық перспективасын, сонымен қатар Астана қ. 2017 ж. 11-14-шілдесі аралығында өткізу жоспарланған Министрлік конференцияның және 8-ші Халықаралық Форумның ауқымды бағдарламасының әртүрлі аспектілерін талқылады.

Биылғы жылдың 18-қазанында Баку қ. (Әзірбайжан Республикасы) БҰҰ бесаймақтық комиссиясының қолдауымен БҰҰ ЕЭК 7-ші тұрақты энергетика жөніндегі форумы өтті

Форум жұмысына ҚР Энергетика вице-министрі Мағзұм Мырзағалиевтің бастауымен қазақстандық делегация қатысты. KAZENERGY қауымдастығы атынан форумға бас директор Болат Ақшолақов және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі атқарушы директор Рамазан Жампейісов барды.

«Жоғары деңгейлі саяси диалог: 5-ші және 6-шы Форумдардан кейінгі іс-қимылдар: энергетика министрлеріне үндеу» панельдік дискуссиясына қатыса отырып, Болат Ақшолақов энергетиканы тұрақты дамыту ісін алға бастыруда аймақтық аспектіні ескеру маңызды екенін атап көрсетті. Бұл тұрғыда «ЭКСПО-2017. Болашақ Энергиясы» көрмесі базасында БҰҰ-ның бастамасымен «жасыл» технологиялар мен инвестициялық жобаларды әзірлеу жөніндегі аймақтық орталығын құру жөніндегі Президент Н.Назарбаевтың ұсынысының маңызы зор.

Форум алаңында басталған белсенді пікірталас бірқатар екіжақты кездесулер шеңберінде жалғасты.

Осылайша, пікір алмасулар барысында Энергетикалық Хартияның Бас хатшысы У. Руснак өзінің толық қолдау білдіретінін және Астана қаласында ЭКСПО-2017 шеңберінде өткізу жоспарланып отырған «Тұрақты энергетика міндеттерін шешу» министрлік конференциясына және «Тұрақты даму энергетикасы» 8-ші Халықаралық Форумна қатысатынын айтты. Министрлік конференция Қазақстанда алғаш рет өткізілейін деп отыр және оның маңызы аса жоғары деп атап көрсетті Руснак мырза. Украинаның Энергетика және көмір өнеркәсібі Вице-



ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРІСІ КОМИТЕТІ



ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Мұнай-газ өндірісі комитетінің Президиумы (МӨКП) KAZENERGY қауымдастығы және компания өкілдерінің қатысуымен Данияр Абылғазиннің төрағалық етуімен 19-шы мәжілісін өткізді

МӨКП хаттамалық тапсырмаларын орындау бойынша есепке сай KAZENERGY қауымдастығы бүгінгі күні қарастырылып отырған 33 мәселенің 14-ін шешті. Мұнай және қара түсті мұнай өнімдерінің экспорттық кедендік баж салығы бағытындағы жұмыстар жалғастырылуда. ҰКП-мен бірлесіп ҚР-да ЖЖМ нарығын мемреттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар жобасы әзірленді. Бұл тармақты үстіміздегі жылдың аяғында аяқтау жоспарланып отыр. Мұнай өндірушілердің өндірістік нысандарын және автокөліктерге жарнамай құтыны станцияларды бақылау-есепке алу құралдарымен (БЕҚ) жабдықтауға қатысты қауымдастық соңғы кезеңде бірнеше мәжіліс өткізді, онда МӨЗ және мұнай базаларында пилоттық жобаларды іске қосу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру талқыланды. Нысандардағы БЕҚ берген деректерді жинау, өңдеу және жіберу жүйесіне арналған техникалық талаптарға түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Сонымен қатар қорларды есептейтін халықаралық жүйемен үйлестіру тәсілдері қаралуда. ЕҚДБ тендер өткізді және «Жер қойнауын пайдалану стандарттарын әзірлеу және енгізу» техникалық ынтымақтастық жобасына жеңімпаздарды іріктеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. KAZENERGY өз тарабынан шет мемлекеттердің

тәжірибесіне сүйене отырып қорларды есептеу жүйесі рәсімдері, мембалансқа есепке қоюдың кейбір мәселелері бойынша өз бетінше жұмыс жүргізіп жатыр. Оған қоса, Комитет мәжілісінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекстің ағымдағы жай-күйі (нәтижесі), мұнайды есепке алатын ақпараттық жүйе, экологиялық және салық заңдарындағы өзгерістер және басқа да тұжырымдамалық маңызды бағыттар туралы ақпарат қаралды. Сонымен бірге салық және экологиялық саладағы күрделі мәселелер бойынша қауымдастық мүшелерінің ұсыныстары талқыланды.

ЖАҢАРМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ БОЙЫНША СЕМИНАР



Ү.ж. 12-қазанында KAZENERGY қауымдастығында Жаңармалы энергия көздері бойынша семинар өтті

Аталмыш шараға ҚР Энергетика министрлігінің, «Атамекен» ҚР ҰКП, әртүрлі компаниялар мен ұйымдардың өкілдері мен сарапшылары қатысты. Кездесу барысында қатысушылар жасыл энергетика саласындағы қызметтерге қатысты бірқатар мәселелерді талқылады. Атап айтқанда, шетелдік тәжірибеге шолу жасалған жаңармалы энергия аукциондары туралы баяндама, сонымен қатар ЖЭК электр энергиясы мен энергия жүйесіне бірігу мүмкіндіктері мен мәселелері тыңдалды. Презентация авторы - Түкенов Әнуар Әкімжанұлы, тәуелсіз сарапшы, осыдан бұрын "Қазақстан индустриясын дамыту институты" АҚ Электр энергетикасын дамыту орталығының директоры және "Электр энергетикасы және энергия үнемдеуді дамыту институты" АҚ басқарма төрағасы орынбасары қызметтерін атқарған. 2 кітаптың және әртүрлі мақалалардың авторы.

ҚАЗАҚСТАН-ВЕНГРИЯ БИЗНЕС-ФОРУМЫ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІНІҢ КЕЗДЕСУ



нуға, инвестициялық мүмкіндіктермен алмасуға және жұмыстың мақсатқа лайықтылығын талдауға уақыт бар», - деп атап өтті KAZENERGY төрағасының орынбасары. Өз кезегінде ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Тимур Жақсылықов мынадай цифрларды алға тартты: 2015 жылы Қазақстан мен Венгрия арасындағы сыртқы сауда-саттық айналымының көлемі 102 млн долларды, ал биылғы жылдың 8 айының қорытындысы бойынша – шамамен 80 млн долларды құрайды. 2005 жылдан бастап Венгрия 100 миллионнан астам АҚШ долларын

Астанада Іскерлік кеңестің 5-ші мәжілісімен бірлескен Қазақстан-Венгрия бизнес-форумы өтті

Қазақстан экономика вице-министрі Тимур ЖАҚСЫЛЫҚОВ, Венгрия Ұлттық экономика министрі Михай ВАРГА, қазақстан-венгриялық Іскерлік кеңестің тең төрағалары, қазақстандық тараптан ҚР Венгриядағы Құрметті консулы Жамболат СӘРСЕНОВ және Шандор ФАШИМОН, сонымен қатар әртүрлі компа-

ниялар мен ұйымдардың өкілдері қатысты. Форум мен мәжілістің ашылуында Жамболат Сәрсенов Қазақстанда өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі қарсаңында екіжақты қатынастардың өсіп келе жатқан рөлінің маңыздылығын атап көрсете отырып, құттықтау сөз сөйледі және баяндама жасады. «ЭКСПО ынтымақтастық үшін шектеусіз мүмкіндіктер ашады. Оқиға басталғанға дейін дайындалуға және өз бизнесімізді тиісті деңгейде ұсы-

Қазақстан экономикасына инвестициялады.

Бизнес-форум мен мәжіліс барысында бірқатар келісімдер мен меморандумдарға қол қойылды. Екі елдің іскерлік ортасының өкілдері B2B форматында кездесу өткізді.

ЕКІЖАҚТЫ КЕЗДЕСУЛЕР

2016 ж. 11-қазанда KAZENERGY қауымдастығы Бас директорының Румыния Экономика, сауда және кәсіпкерлік министрлігінің Мемлекеттік хатшысы Клаудиу Врынчанумен кездесуі болды

Қазақстан Республикасының энергетика саласын дамыту, екі елдің инвестициялық климаты, сонымен қатар екіжақты ынтымақтастықты дамыту перспективасы мәселелері талқыланды.

Сонымен бірге румын тарабына алдағы ЭКСПО - 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесі барысында өткізілетін Министрлік конференция және БҰҰ өңірлік комиссиясының

бастамасымен өтетін 8-ші Тұрақты энергетика жөніндегі халықаралық форум, сонымен қатар KAZENERGY XI Еуразиялық форумы туралы хабарланды.

Кездесу румын делегациясының қазақстан-румындық сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық әрекеттестік жөніндегі үкіметаралық комиссиясының 12 мәжіліске қатысуы сапары шеңберінде өткізілді.



ЭКОЛОГИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР

Экология - Ұзақбай Қарабалиннің төрағалық етуімен өткен KAZENERGY Ғылыми-техникалық кеңесі (ФТК) кезекті мәжілісінің басты тақырыбы

Энергетика министрлігі және бірқатар компаниялардың өкілдері ластанған аумақты тазарту, өндірістердегі көмірсутекті шикізатын пайдалануға байланысты қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату бойынша заманауи инновациялық технологиялық әзірлемелердің презентацияларымен танысты.

Ғылыми-зерттеу кәсіпорындарының мамандары жерді, топырақты, суды биорекультивациялау және биотазарту есебінен өнеркәсіптік қалдықтарды жою арқылы қоршаған ортаның ластануымен күресу тәсілдері туралы әңгімелеп берді.

Өз кезегінде салалық



компаниялардың, атап айтқанда «ҚазМұнайГаз» барлау Өндіру» АҚ өкілдері құрамында гуматтары бар композиттік материалдар негізінде энергия өндіретін қоспаларды пайдалана отырып мазутталған топырақты жою, сонымен қатар гидромеханикалық әдіс пен BioBox технологияларын қолдану тәжірибелерімен бөлісті.

Сол уақытта NCOC Каспий қайраңында теңіздегі ұңғыманы бұрғылау кезінде қабатқа бұрғылау қалдықтарын айдау әдісін қолданады.

Мәжіліс барысында теңізге мұнай төгілуі, ҚР-дағы мұнай төгілуінің әлеуетті тәуекелдері және апат кезінде әрекет ету мәселелері қаралды.

KAZENERGY ФТК – мұнай-газ саласының әртүрлі бағыттары бойынша ғылыми әзірлемелерді талқылауға, сонымен қатар оған қатысушы-Қауымдастыққа мүше компаниялар арасындағы әрекеттестікті жолға қою және жалғастыру мүмкіндіктеріне арналған интерактивті алаң.

РФ «МИФИ» ҰЛТТЫҚ ЯДРОЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» МАГИСТРАТУРА БАҒДАРЛАМАСЫ



KAZENERGY қауымдастығы Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігінің және «Росатом» Мемкорпорациясының Корпоративтік Академиясының (Москва қ.) бастамасымен үстіміздегі жылдың ақпан айында қазақстандық студенттер арасында «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университетінің (бұдан әрі – «МИФИ» ҰЯЗУ) білім грантына байқау жарияланды

Жобаның мақсаты физика,

ядролық физика, техникалық физика, жылу энергетикасы мамандықтары бойынша бакалавриат бағдарламасымен білім алып жатқан қазақстандық студенттерге қолдау көрсету болып табылады.

Образовательной программой «KAZENERGY» қауымдастығының білім беру бағдарламасы Қазақстанның техникалық ЖОО-ларымен бірлесіп «МИФИ» ҰЯЗУ университетінің «Ядролық физика» бағдарламасы бойынша магистр дәрежесін алуға оқығысы келетін үміткерлерді жинау және бастапқы іріктеу жұмыстарын жүргізді.

ҚР техникалық ЖОО-ларының студенттерінен барлығы 51 өтініш қабылданды. «МИФИ» ҰЯЗУ байқауына іріктеу



нәтижелері бойынша 21 жарияланған бағдарлама бойынша білім грантының иегері атанды.

МЭРИ УОРЛИК ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛЫСЫ ЖӘНЕ ӨСАБ ТУРАЛЫ



АҚШ-тың энергетика мәселелері жөніндегі мемхатшысының бірінші орынбасары Мэри Уорликтің «Атамекен» бизнес-арнасына берген сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз (<http://www.abctv.kz/ru/news/ssha-predlagaet-kazahstanu-usidet-nadvuh-stulyah>)

Ол Өндіруші саланың ашықтығы бастамасы (ӨСАБ) басқармасының ұлттық мәжілісіне қатысты, онда Қазақстанда жұмыс істейтін барлық мұнай-газ компаниялары бас қосты. Мемдеп өкілі американдық компаниялардың басшыларымен, қазақстандық үкімет өкілдерімен кездесу өткізді.

- Уорлик ханым, сіз қалай ойлайсыз, Қашаған сияқты қымбат жобада қазіргі мұнайдың бағасы төмендеп тұрған кезде мұнай өндіруді жүргізу орынды ма?

- Әлбетте, мұнай өндіруді жалғастыра беру керек. Біріншіден, бұл әлемдегі энергетикалық қауіпсіздікті сақтау үшін маңызды. Егер мұнай өндіруді тоқтатса,

жаһандық нарық энергия ресурстарының тапшылығына ұшырауы мүмкін. Орта мерзімді, сол сияқты ұзақ мерзімді перспективада болжамдар әрдайым қажет. Шикізат бағасы төмен болса да, қайталап айтамын, дәл сондықтан да мұнай өндіру жалғастырылуы тиіс. Екіншіден, дүниежүзілік мұнай нарығындағы қазіргі қалыптасқан жағдай – кез келген елдің үкіметі үшін ресурстарды, оның ішінде мұнай-газ ресурстарын тиімді пайдалану бойынша реформа жүргізуге берілген тамаша мүмкіндік. Жаңа технологиялар мен жабдықтар енгізу арқылы энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік деңгейде шара қолдану және реформа қабылдау туралы сөз болып отыр. Үшіншіден, баға түсіп тұрғанда кез келген елге осы сәтті пайдаланып, өзіміз діттеп отырған климатты сақтап қалу мақсатында таза энергетикаға көшуге және жаңармалы энергия көздерін пайдалануға көңіл аудару маңызды. Табиғи ресурстары бай Қазақстан үшін күн

энергетикасына, жел энергетикасына салынатын инвестициялар ауқымын өсіру маңызды. Келесі жылы Астанада өтетін ЭКСПО халықаралық көрмесі Қазақстанға және басқа да елдерге қоғамның экономиканы жаңаша дамытуына және жаңа тұтыну деңгейіне көшуіне көмектесетін жаңа технологияларды әзірлеуге және көрсетуге мүмкіндік береді.

- Сіз американдық Chevron компаниясының өкілдерімен екінші ірі жоба – Теңіздегі жағдайды талқылау үшін кездесу өткіздіңіз бе?

- Иә. Мен Қазақстанда жүзеге асырылатын инвестицияларды талқылау үшін американдық компания өкілдерімен кездестім. Атап айтқанда, Теңіздегі Болашақ ұлғайту жобасы бойынша. Американдық Chevron компаниясының инвестициялар ауқымы АҚШ 36 миллиард долларын құрайтыны өзіңізге мәлім. Сонымен қатар, Қашағанды игеру жобасындағы жағдайларды талқылау үшін басқа американдық ExxonMobil компаниясының да өкілдерімен, Қазақстан үкіметінің өкілдерімен де кездестім.

- Қашаған іске қосылған соң маршруты Ресейді айналып өтіп Оңтүстік Кавказ арқылы өтетін Қазақстан-Каспий Транспорттау Жүйесін (ҚКТЖ) салу жобасының идеясын қалпына келтіру мәселесі қайта көтеріледі. Десек те, КҚК құбыры (Ресей арқылы) ұлғайту жобасын аяқтап қалды және бірінші қашағандық мұнай бұл жүйеге қазірдің өзінде келіп түсті.

- Кез келген ірі жоба, оның ішінде ҚКТЖ, экономикалық тиімділігі бомласа салынбайтын белгілі бір инвестицияларды талап етеді.

Шешім қабылдайтын, яғни «соңғы сөзді» айтатын оған қатысатын компаниялар болмақ. Бірақ, біз (АҚШ) әрдайым әлем нарығына энергия ресурстарын баламалы маршруттармен тасымалдауға ұмтылатын компаниялардың шешімдеріне қолдау көрсетеміз. Көмірсутегін Еуропаға және басқа да нарықтарға жеткізетін жаңа маршруттар ұсынып отырған басқа да жобаларға қолдау жасап келеміз және әрі қарай да қолдау көрсете береміз. Баламалы маршрут әрқашан да энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және біз, қайталап айтамын, мұндай жобаларды әрдайым қолдаймыз.

- Сіз қалай ойлайсыз, Орталық Азиядан Еуропаға Каспий теңізі арқылы газ транзитін қамтамасыз ететін Транскаспий газ құбыры жобасы, сондай-ақ Набукко (Әзірбайжан-Еуропа) газ құбырын салу жөніндегі бастама іске асырыла ма? Қазақстанның бұл жобаларға қатысқаны дұрыс па?

- Каспий өңірінен Еуропаға және басқа да ғаламдық нарықтарға газ жеткізу мәселесі маңызды. Набукконың жан-жақты қарастырылып жатпағанына қарамастан, біз Каспий өңірі елдерінен Еуропаға газ тасымалдау жөніндегі компаниялардың мүдделерін қолдадық. Дәл сол үшін біз Оңтүстік газ коридоры жобасын қолдаймыз, ол Әзірбайжаннан Каспий теңізі арқылы Грецияға дейін, Оңтүстік Еуропаның басқа да елдеріне және ең соңында Италияға дейін газ жеткізуге мүмкіндік береді. Біз газ жолдарын әртараптандыруға ұмтылып отырған және жаңа маршруттар ұсынып отырған,

яғни жаһандық энергетикалық қауіпсіздікке жағдай туғызып отырған елдердің осыған ұқсас жобаларын қолдаймыз.

- Қазақстанда ӨСАБ қағидаларының іске асырылуына қандай баға бересіз?

- ӨСАБ қағидаларына қосылу осы бастаманы ұстанушы Қазақстан, үшін ғана емес, мұнай өндіруші елдер үшін маңызды мәселе. Оның тиімділігі неде? Табыстардың ашықтығына қоса, ӨСАБ қабылдаған және орындайтын мемлекет табиғат ресурстарын пайдалану және басқару мәселелерін шешіп қана қоймайды, сонымен бірге табыстың экономика мен қоғамға пайда әкелуі мәселесін де шешеді. Белгіленген ережелерді іс жүзінде қолдану маңызды. Себебі сіздерге барлық компаниялар үшін жағымды іскерлік климат құру маңызды, ал мұның өзі, өз кезегінде, жаңа инвестициялардың ағымына, жаңа жобалардың құрылуына, осыған сай жаңа жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасайды. Осы – Қазақстан үкіметіне негізгі түрткі болатын мәселе.

- Калифорния университетінің профессоры Майкл Росс «Мұнай қарғысы: мұнай байлығы ұлттық дамуына қалай әсер етеді» деп аталатын өзінің кітабында демократиясы дамыған мұнай импорттаушылардың мұнай қоры мол елдердің демократиясының қалыптасуына әсер ете алатыны туралы ой қозғайды. Сіз осы пікірмен келісесіз бе?

- Егер сіз рұқсат етсеңіз, мен мұнай-газ саясатына қатысты мәселелерге ғана түсінік берсем бе деп едім. Бір ресурсқа ғана

экономикалық тәуелді кез келген ел экономикалық өзгерістерге бейімделу кезінде қиын жағдайда қалады деп айтқым келмейді. Венесуэланы және басқа да елдерді мысал ретінде келтіруге болады. Біз ел үкіметін сол елдің өзінің бірінші кезектегі мүддесі болып табылатын экономиканы әртараптандыру мәселесін қарастыруға үндейміз. Импорттаушылардың көзқарасымен энергетикалық қауіпсіздік мәселесі туындайды – бір ресурс көзіне тәуелді болу өте қиын. Әсіресе, нарықтың жұмысына немесе саяси дәлелді шешімдерге байланысты жабдықтау іркілістері туындаған жағдайларды айтып отырмын.

ӨСАБ БОЙЫНША АСТАНАДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕР



2016 жылы 26-қазанда Өндірістік салалардың ашықтығы бастамасы бойынша (ӨСАБ) VIII Ұлттық конференциясы өтті. Биылғы Конференцияның жоғары халықаралық мәртебеге ие болды, себебі Солтүстік Азия өңірінде алғаш рет өткізілген және ұйымға мүше елдердің қызығушылығын туғызған ӨСАБ Халықаралық Басқармасының 35-ші Мәжілісімен бірге өткізілді.

Бұл шараға халықаралық қоғамдық ұйымдардың, ҚР мемлекеттік органдарының өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, сонымен қатар KAZENERGY қауымдастығының және салалық мүше компаниялардың басшылары қатысты.

KAZENERGY қауымдастығының Бас директоры Болат Ақшұлақов өзінің құттықтау сөзінде Қазақстанда бағдарламаны іске асырудың жоғары прогресін, ӨСАБ енгізудің барлық компаниялар үшін жоғары маңыздылығын, сонымен қатар ӨСАБ-тың ел беделіне жағымды ықпал жасайтынын және энергетикалық саланың инвестициялық тартымдылығын арттыратынын атап көрсетті.

Сонымен қатар 2020 жылға дейін ӨСАБ стандартына сай өндіруші компаниялардың бенефициары туралы ақпаратты жариялау, ӨСАБ-ты өңірлерде іске асыру және Жер қойнауы туралы кодекс жобасын қарау мәселелері талқыланды.

Энергетика саласының қызметкерлерін оқытуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға бағытталған әлеуметтік инвестициялардың шығындары және шығыстары бойынша компаниялар ұсынатын деректерге қатысты өткізіліген пікірталастарды жеке атап көрсеткен жөн.




ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА КӨПШІЛІККЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІ

Құрметті достар!

Жуырда KAZENERGY қауымдастығы ұсынған Ұлттық энергетикалық баяндаманың 2-ші шығарылымы мұнай-газ саласының мамандарының, ғылыми орта өкілдерінің, мемлекеттік құрылымдардың, студенттердің зор қызығушылығын туғызды. Аталмыш маңызды аналитикалық құжатты сатып алғысы келіп, қауымдастыққа хабарласып жатқандардың саны күн сайын артуда.

Осыған байланысты KAZENERGY Атқару комитеті Ұлттық энергетикалық баяндаманы электронды нұсқасымен қоса ақысыз тарату туралы шешім қабылдады, оның орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқасын біздің сайтымыз: www.kazenergy.com-нан қарай аласыздар.

Еліміздің игілігі үшін ғылыми және практикалық міндеттерді шешуде баяндама материалдарының пайдасы тиеді деп үміттенеміз!





КAZENERGY Қауымдастығы
Баспасөз қызметі
Тел: +7(7172) 710181 , 790173
shaira@kazenergy.com